



*«Арқалық қаласындағы облыстық  
№2 әмбебап ғылыми кітапханасы.  
Әдістеме – библиография бөлімі*

## **Саз өнерінің саңылағы**



*/Әнші, сазгер композитор Қалибек Деріпсалдиннің  
туғанына 70 жас/ (1953)/*

*(Жаднама)*





*«Арқалық қаласындағы облыстық  
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ  
Әдістеме-библиография бөлімі*

## **Саз өнерінің саңылағы**

*Әнші, сазгер композитор Қалибек Деріпсалдиннің  
туғанына 70 жас (1953)*

**(Жаднама)**

**Арқалық 2023 жыл**

ӘОЖ 78.07  
КБЖ 85.2  
С 12

Құрасты., компьют. терген: Ж.С. Сарина  
Жауапты ред.: С. Қ. Ибикенова

**Құрастырушы:** Ж.Ш. Сарина  
**Шығарылымға жауапты:** К. Б. Борибаева  
**Мұқабаны безендірген:** Ж.Ш. Сарина  
**Редактор:** С. Қ. Ибикенова

Саз өнерінің саңылағы [Мәтін] : /әнші, сазгер, Қалибек Деріпсалдиннің туғанына 70 жас/ : жаднама /Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; Ж.Ш. Сарина ; шығарылымға жауапты К. Б. Борибаева ; ред. С. Қ.Ибикенова]. – Арқалық : [б.б.], 2023. – 36 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі Қазақстанның халық ағарту ісінің үздігі, әнші, сазгер, Қалибек Деріпсалдиннің туғанына 60 жас толуына орай жаднама дайындады. Жаднамада Қалибек Деріпсалдиннің өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 78.07  
КБЖ 85.2

© Ж.Ш. Сарина

## *Құрастырушыдан*

Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі, әнші, күйші, сазгер Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері – Қалибек Деріпсалдиннің туғанына 70 жас мерей тойына арнап Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме – библиография бөлімі

«Саз өнерінің саңылағы» атты жаднаманы қалың оқырман қауым назарына ұсынып отыр. Жаднамада сазгер, әнші композитор Қалибек Деріпсалдиннің өмірі мен шығармашылығы жайында мағұлматтар берілген. Жаднамадағы материалдар қазақ тілінде әзірленген. Бөлімде Қ. Деріпсалдиннің мерзімді басылы бетіндегі жарияланымдарының, оның өмірі мен жайында қамтылған. Әдебиеттер тізімі әліпбилік ретпен орналастырылған. Жаднама баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар материалдар еңгізілген. Басылым көпшілік оқырман қауымға арналған.



*Ұнатқан ұрнағы едің өзің көптің,  
Тамаша әндеріңді бүгін төктің.  
Осы бір ой туған еді сол бір күні  
Кешінде ән-думаны Қалибектің.  
Төккендей бір уақыт сырын далам,  
Шерткендей бар әлдиін жырын анам.  
Тіл бітіп табиғатқа тербетіліп,  
Әніңнен ғашық жандар сусындаған.*

*Әлфия Урманшина  
белгілі айтыскер ақын*

## *Саз еркесі, ел еркесі*

Торғай даласында жанды баурап, жүрек тебірентер әндер мен күйлерді тудырған талантты жастардың көш басын бастап келе жатқан әнші-композитор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Қалибек Деріпсалдин 1953 жылы 10 қаңтарда Аманкелді ауданы, Батпаққара ауылында дүниеге келген. 1970 жылы Аманкелді орта мектебін бітіріп, 1973 жылы Жамбыл атындағы мәдени-ағарту училищесін қызыл дипломмен тәмәмдаған.

Жалпы өнер де тұқым қуалайды. Текке де қарайтын секілді. Қалибектің әкесі Деріпсалды да кезінде өз ортасында сөзге шешен, палуан әрі домбыра шертіп, айналасындағылардың арасында сері жігіт атанған екен. Анасы Мағия да әнші, жыршы, термеші болыпты. Бұл ардақты апамыз сонау бір жылдары қазақ ұлтының мәртебесін асқақтатқан Қазақстанның халық ақыны Нұрхан Ахметбеков ұйымдастырған Торғай колхоз-совхоз театрында осы есімі аталған біртуар тұлғамен бірге жұмыс істепті. 1961 жылы аяулы анасы Мағия апамыз 43 жасында дүниеден өткен. Артында Әбуғали, Есен ағалары, Роза қарындасы аңырап қала береді, бұл кезде Қалибек Деріпсалдыұлы 8 жасқа толмаған кезі еді.

Анасының қайғысы Қалибек Деріпсалдыұлының қабырғасына қатты батты. Орны толмас өкініші оны ерте есейтті. Жан жұбанышын домбырасының үнінен іздеді. 13 жасында «Анама» деген күйін шығарды. Бұл перзентінің анаға деген сағынышынан туған тұңғыш дүниесі еді. Сол жылдары өзіне қамқоршы болған нағашыларына арнап «Үшбәйтерек» деген күйін тудырды, бұл күйлерге кейінірек «Лениншіл», тағы басқа 3-4 күй қосылды.

Қалибек Деріпсалдыұлы өмірде осы биікке жарқын талантымен жетті. Өйткені, арқа сүйер ата-анасы дүниеден ерте өтті. Тіршілікте қаншама қиыншылықтар көріп, жетімдіктің дәмін де татты. Бірақ, көздеген мақсатына жету үшін тек алға ұмтылды. «Талапты жетер мұратқа» демекші, өнердің шыңына көтерілді.

Қалибек Деріпсалдыұлы жастайынан музыкаға ғашық болып өсті. Оның мектеп қабырғасында жүргенде баян тартып, ән айтуы өзгеше еді. Ол сахна төрінде ән айтқанда өзгеше бір күйге түсетін. Тебіренген, назданған қалпында сыршыл да сазды, нәзік те назды торғай қазақтарына тән әуендерді бойға сіңіріп, тыңдаушысын шабыттандырып жіберетін ерекше қасиеті болатын. Сол бойғы біткен талант тылсымы оны өнер жолында өзінің орнын табуға жетелей түсті. Жас талантты дер кезінде көріп, оған жол сілтей білген ұстазы, белгілі музыкант-педагог Аманбай Мұқышев болатын. Ұстазының адамгершілігі және табандылығы, музыка аспаптарын, оның дыбыстық үндестігін терең білетін сауаттылығы Қалибектің тек ән айту өнерін шыңдап қана емес, ән шығару қабілеттілігінің оянуына да ықпал етті.

Қалибек Деріпсалдыұлы Жамбыл атындағы мәдени-ағарту училищесінде оқып жүрген кезінде көркемөнерпаздар ұжымдары арасында қатарынан үш рет Жамбыл облыстық фестивалінің лауреаты атанады.

Ол музыкант ретіндегі алғашқы өнер жолын Жамбыл облыстық филармониясының «Алатау» эстрада ансамблінен бастайды. Сол кезде есімі бүкіл одаққа белгілі өнер ұжымында қызмет істеу үлкен құрмет еді. 1972 жылы Мәскеу

қаласында Қазақ ССР-інің құрылғанына 50 жыл мерекесі құрметіне осы облыстың Жуалы аудандық «Қызғалдақ» халықтық ансамбілінің құрамында өнер көрсеткен.

Торғай түлегі Қалибек Деріпсалдыұлы 1973 жылы туған жеріне оралып, Арқалық қаласындағы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектепте ән сабағының оқытушысы болып орналасады. Сонымен қатар, ұстаздықтан қол үзбей «Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамбілінің құрамында қызмет істеген.

Мектепте «Балауса» ән және би ансамблін ұйымдастырып, Арқалық қалалық мәдениет бөлімінің жанынан «Торғай толғауы» атты халық аспаптар ансамбліне жетекшілік еткен.

Торғай жұртшылығы арасында өзінің өнердегі табыстарымен көзге түсіп жүрген Қалибек Деріпсалдин 1980 жылы Қима аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалады. Жаңадан құрылған ауданда қазақ ән өнерін насихаттауда көптеген игі шараларды жүзеге асырады. Қысқа мерзім ішінде «Гүлдәурен» халық аспаптар ансамблі ұйымдастырылады. Таланттар тоғысқан өнер ұжымының бай репертуары олардың облыстық фестивалда лауреат атануына жол ашады. Қалибектің осы өңірге арнап шығарған әндері қазірдің өзінде жергілікті жастардың сүйіп орындайтын әндеріне айналды.

Әнші-композитор Қалибек Деріпсалдин 1982 жылдан бастап өзі туып-өскен жері Батпаққараға қоныс аударады. Ол Амангелді аудандық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі бола жүріп, «Торғай толқыны» атты халық аспаптар ансамблін ұйымдастырған. Өнер ұжымына талантты жастар мен мектеп оқушылары тартылады. Ансамбльдің репертуары Торғай өңіріне белгілі сазгерлердің, күйшілердің және әншілердің шығармаларынан құрылады. Бұл Қалибек Деріпсалдиннің шығармашылық соны жетістігі болатын. Соның нәтижесінде, өнер ұжымы облыс және республика көлеміне кеңінен танымал халық аспаптар ансамбліне айналды.

1984 жылы Алматыда Кенен Әзірбаевтың 100 жылдығына арналған республикалық қобызшылар сайысында 19 қатысушының арасында бірінші орынды Қалибек иемденеді. Әнші-композитор 1988 жылы Қазақстан композиторларының VIII съезіне делегат болып сайланады. Бір жылдан кейін Алматы қаласында Ш. Қалдаяқов атындағы концерт залында тұңғыш рет жеке шығармашылық кешін өткізеді. Бұл Қалибек Деріпсалдиннің қазақ композиторлары алдында берген есебі еді. Қазақ музыка өнерінің небір саңлақтары торғайлық өнерпаздың талантына жылылық танытып, оның шын мәнінде композитор атануына жол ашады.

Өнер адамды құрметке бөлеп, биікке көтереді ғой. Бұдан Қалибек те құралақан емес. Әлденеше рет республикалық фестивальдердің жеңімпазы атанды, «халық ағарту ісінің үздігі», «Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген де атақтары бар.

Қазақ музыка өнерін дамытуда сіңірген еңбегі үшін ол Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 26 қарашадағы жарлығымен «Қазақ ССР-інің еңбегі сіңген мәдениет қызметкері» атағымен марапатталған. Сонымен қатар, СССР Композиторлары және Қазақстан Композиторлар одақтарының дипломдарына ие болады. Халық шығармашылығының Бүкілодақтық бірінші және екінші фестивальдарының лауреаты атанады.



Елімізде өткен талай алқалы жиындарда, дүниежүзі қазақтарының құрылтайында өнер көрсетті. Ұлы Абайдың 150 жылдық мерекесінде қылқобыздан бірінші орынды иеленді. Алматыда Орталық концерт залында екі дүркін шығармашылық кешін өткізді.

Атақты әнші-композитор Астана жұртшылығы алдында 2002 жылдың қазан айында Президенттің мәдениет орталығында шығармашылық концертін ұйымдастырды.

2003 жылдың 10 қаңтарында І. Омаров атындағы облыстық драма театрында Торғай өнерпазының 50 жас мерейтойына және шығармашылық қызметіне 30 жыл тоуына орай Ақмола облысының әкімі С. Кулагин және Ақмола облыстық мәдениет департаментінің бастығы Н. Сейітжанованың, Қостанай қаласының әкімі мен мәдениет департаментінің қолдауымен шығармашылық кеші өтті. Мұндай құрметке Қалибектің өнердегі табыстары игі ықпал етті.

Қалибек Деріпсалдин 2007 жылы Ресейдің Уфа қаласында өткен Халықаралық конкурстың лауреаты атанды. Ал 2008 жылдың ақпан айында Астанадағы Конгресс-Холда әнші-композитор Қалибек Деріпсалдиннің шығармашылық қызметінің 35 жылдығына орай ұйымдастырылған үлкен концерті өтті. Оған Қазақстан Композиторлары одағы мен Астана қаласы филормониясының ұлт аспаптар оркестрі қолдау көрсетті. Шығармашылық кеште Торғай таланты соңғы жылдары шығарған әндерін орындады.

Сазгер баянда ойнайды, қобыз тартады, домбыра шертеді. «Бәрін қайдан үйреніп жүрсіз?» деп сұрағандарға: «Мен Алматыда консерваторияда Дәулет Мықтыбаевтың сыныбында оқыдым. Бірақ денсаулығым нашарлап, екі жылдан соң тастап кетуге мәжбүр болдым», дейді ол.

Жалпы алғанда Қалибек Деріпсалдин 80-нен астам әндер мен алты күйдің авторы. Ол «Көктем қыздар» (1993), «Домбыра сазы-Ерке құсым» (1993), «Айлы түнде» (2003) және «Торғай әуендері» (2007) атты әндер жинағын жарыққа шығарды. Белгілі композитордың әндерін Қазақстанның танымал әншілері Н. Нүсіпжанов, Б. Жүсіпбеков, Ж. Махамбетов, Ұ. Айнақұлов, Ғ. Жүмекенова, Г. Хамзина және тағы басқалар орындайды. Оның шығармалары «Нұр-Мұқасан», «Мұзарт» Досымжан Таңатаров, Еркебұлан Сәрсенбеков, Есет Сәдуақасовтар ұнатып, жұртшылық назарына ұсынып жүр.

Оның сазгерлік қабілетінің шыңдалуына Алматыдағы тәлімгері Әсет Бейсеуовты мысалға алмағанның өзінде, жергілікті сазгерлер Болат Хамзин, Қайыржан Мақанов, Айтбай Мұздахановтардың ықпалы ерекше.

Сазгерді тек қана сазгер таниды. Қалибектің әншілік, сазгерлік талантын Алтынбек Қоразбаев, Жақсыкелді Сейілов, Жоламан Тұрсынбаевтар жоғары бағалап, туған бауырындай болып кеткен.

Сазгерге шығармаларының барлығы ыстық көрінеді. Бәрі де көтеріңкі көңіл-күйдің, керемет толғаныс пен тебіреністің әсерінен туған. Солардың ішінде Тұманбай Молдағалиевтің «Сен мені түсінесің бе?», Жұмаш Сомжүрековтың «Көктем-қыздар», Серік Тұрғынбековтың «Ерке құсым» өлеңдеріне жазылған әндері жанына жақын. Мәриям Хакімжанова мен Ғафу Қайырбеков Қалибекті еркелетіп, «өзімнің сазгерім» деуші еді.

Қалибек Деріпсалдыұлы өмірде араласып, өнерде бірге келе жатқан соң, оны осы деңгейге жеткізіп, рухани қолдап, күйеуінің қуанышына ортақтасып келе

жатқан Айша деген асыл жары бар. Айша да Торғай өңірінің аруы. Ол да ән мен күй десе ішкен асын жерге қояды. Отағасының өнердегі алғашқы сыншысы деуге болады. Өйткені, дүниеге келген әнді алғашқы болып сол тыңдайды. Ұзақ жылдар қос аққудай жарасса өмір сүріп келе жатқандықтан, оның көңіл-күйін қасқабағынан таниды. Сол себептен де күйеуінің жағдайын, жан-дүниесін терең түсінеді. Ол кейде Қалибек жақсы ән жазса, жас балаша қуанып кететін сәттері жиі кездесетіндігін жасырмайды.

Қазіргі таңда Деріпсалдиндер әулеті жапырағын тереңге жайған бәйтерекке айналды. Бұлар өзінің өнер жолын қуған туған бауырлары Роза, Жарқынбек Деріпсалдиндерді, Ербол және Бекбол есімді балаларына жастайынан ұлттық рухта тәлім-тәрбие берді. Қазір олар үйлі-баранды. Немерелері де ата-әжесін бақытқа кенелтіп отыр. Ұлдың тұңғышы Ербол Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі Комитетіне қарасты Академияда жұмыс істейді. Әкесінің әнін нәшіне келтіре орындайды. Әкесінің шығармасының насихатшыларының бірі. Келіндері Айнұр, Гүлшат, Гүлбақыт пен немерелері шаңырағының сәнін келтіріп отыр.



Осылайша, Қалибек пен Айша ұрпақтарының қызығын көріп, бақытты ғұмыр кешіп жатыр. Өнер адамы болған соң, ізденіссіз болмайды. Елімізге кеңінен танымал Қалибек Деріпсалдин алдағы уақытта да жаңа әндер жазып, өзінің тындармандарын рухани ләззатқа бөлей бергісі келеді.

Өнер үшін туылған бауырымызды республика жұртшылығы дарынды композитор ретінде жақсы біледі.

Қазіргі таңда Батпаққара тумасы, қазақ музыка өнерінің көрнекті қайраткерлерінің бірі, әнші-композитор Қалибек Деріпсалдин зейнеткерлікке шығып, құрметті демалыста.

### **Шығармалары**

1. Айлы түнде.. : Қалибек Деріпсалдиннің әндері. Ерке құсым [Электрондық ресурс] / Қ. Деріпсалдин. – Қостанай, 2006. – 1 электр. опт. диск (CD-ROM).
2. Айлы түнде [Электрондық ресурс] : [әндер жинағы] / Қ. Деріпсалдин. – Астана, 2014. – 1 электр. опт. диск (CD-ROM).
3. Қимадым ғой... [Электрондық ресурс] : CD (партитуралар жинағы) /
4. Қ. Деріпсалдин. – Астана, 2014. – 1 электр. опт. диск (CD-ROM).
5. Қостанай - достар-ай! [Электрондық ресурс] : (әндер жинағы) / Қ.
6. Деріпсалдин. – Алматы, 2014. – 1 электр. опт. диск (CD-ROM).
7. Деріпсалдин, Қалибек. Қарамайшы туралы ән [Мәтін] : [ән]/
8. Қ. Деріпсалдин; сөзі Тұрғынбеков Серік. // Қостанай таңы. - 2013. - 11 қаңтар. - Б. 6.
9. Деріпсалдин, Қалибек. Періште қыз [Мәтін] : [ән] / Қ. Деріпсалдин; сөзі: Аязбеков Ж. // Торғай. - 2012. - 4 мамыр. – Б. 4.
10. Деріпсалдин, Қалибек. Қостанай - Достар - ай [Мәтін] : [ән] / Қ. Деріпсалдин; сөзі: Серік Тұрғынбеков. // Қостанай таңы. - 2011. - 28 қазан. – Б. 9.
11. Деріпсалдин, Қ. Еркөңіл аға : "Жалыннан бейне жаралғайдай бір ағасың..." [Мәтін] : [ән] / Қ. Деріпсалдин; сөзі Б. Бекетовтікі. // Қостанай таңы. - 2008. - 8 ақпан. – Б. 4.
12. Деріпсалдин, Қ. Қыран қанат [Мәтін] : [ән] / Қ. Деріпсалдин; сөзі М. Хакімжанова. // Торғай таңы. - 1978. - 9 желтоқсан. - Б. 4.

### **Басқа авторларымен бірігіп шығарған кітаптары:**

137. Жұлдыздай аққан, Ғалымжан [Мәтін] : [сазгер Ғ. Құрманов] / құраст.: Қ. Деріпсалдин, С. Әбілқәкімтегі. – Қостанай : Шапақ, 2017. – 92 б.
138. Ораз Мұқанұлы Қожасов. Дәулескер күйші, сазгер, ұлағатты ұстаз [Мәтін] / [құраст.: Қ. Деріпсалдин, Е. Қ. Деріпсалдин]. – Қостанай : Шапақ, 2017. – 100 б.
139. Торғай әуендері [Электрондық ресурс] : топтамалы ұжымдық әндер жинағы / Қ. Деріпсалдин. – Астана, 2014. –1 электр. опт. диск (CD-ROM).

### **Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:**

140. Қазыханның Жақсылығы тірі болса 70 жасқа келер еді-ау [Мәтін] / Қ. Деріпсалдин, А. Сейдахметов, Х. Мұсабаев // Аманкелді арайы. – 2017. – 1–6 қаңтар. – Б. 8.

141. Халқымның қолдауына ие болдым [Мәтін] / Қ. Деріпсалдин // Наш Қостанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2013. – 4 қаңтар. – Б. 8.

### **Мерзімді басылымдарда жарияланған әндері:**

142. Абзал аға [Мәтін] : (Ибраш Естайұлына) : [ән нотамен берілген] / әні: Қалибек Деріпсалдиндікі ; сөзі: Бақытжан Сәуекеновтікі // Қостанай таңы. - ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2017. – 17 наурыз. – Б. 13.

143. Әнуар [Мәтін] : ән / сөзі С. Тұрғынбековтікі ; әні Қ. Деріпсалдиндікі // Қазақ. – 2008. – 30 мамыр. – Б. 8.

144. Жастық-дәурен ай... [Мәтін] : [ән нотамен берілген] : досымыз Тұрымға арналады / сөзін жазған Тарғын Әбенев ; әнін жазған Қалибек Деріпсалдин ; бөлімді Дамир Әбіш жүргізеді // Қостанай таңы. – 2013. – 3 шілде. – Б. 6.

145. Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін [Мәтін] : [ән нотамен берілген] / әні Қалибек Деріпсалдиндікі ; сөзі Мағжан Жұмабаевтікі // Қостанай таңы. - ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2015. – 3 шілде. – Б. 18.

146. Көктем қыздар [Мәтін] : [ән] / сөзі: Ж. Сомжүректікі ; әні: Қ. Деріпсалдиндікі // Жас қазақ. – 2001. – № 2. – Б. 28.

147. Қарамайшы туралы ән [Мәтін] : (бұл ән ағарту саласында көп жыл еңбек еткен, ардақты аға Тарғын Әбенұлының 70 жасқа толу мерейтойына арналды) / сөзі Бәкеш Айсиндікі ; әні Қалибек Деріпсалдиндікі // Қостанай таңы. – 2013. – 11 қаңтар. – Б. 6.

148. Періште қыз [Мәтін] : [ән нотамен берілген] / сөзі: Жанұзақ Аязбековтікі ; әні: Қалибек Деріпсалдиндікі // Торғай. – 2012. – 4 мамыр. – Б. 4.

149. Сарторғайым [Мәтін] : [ән нотамен берілген] : (Сабыржан Ахметұлына арнаймыз) / сөзі: Әбжан Әбілтаевтікі ; әні: Қалибек Деріпсалдиндікі // Аманкелді арайы. – 2017. – 12 мамыр. – Б. 5.

150. Тобыл таңы [Мәтін] : [ән нотамен берілген] / сөзі: Әлібек Татановтікі ; әні: Қалибек Деріпсалдиндікі // Қостанай таңы. – 2014. – 4 сәуір. – Б. 16.

151. Туған үйдің жылуы [Мәтін] : [ән нотамен берілген] / әнін жазған: Қалибек Деріпсалдин ; сөзін жазған: Серікбай Оспанұлы // Қостанай таңы. – 2014. – 27 мамыр. – Б. 4.

152. Торсанкөпір [Мәтін] : [ән] / Серікбай Оспанұлы, Қ. Деріпсалдин // Аманкелді арайы. – 2016. – 5 тамыз. – Б. 5.

## *Ол туралы*

13. Бектемісов, Асқарбек. Сан қырлы саңлақ [Мәтін] : Қалибек Деріпсалдин туралы әңгіме / А. Бектемісов. // Қостанай таңы. - 2013. - 9 қаңтар. - Б. 5.
14. Жүзбай, Айбек. Халық сазгер ұлын сый-құрметке бөледі [Мәтін] : [композитор Қалибек Деріпсалдиннің шығармашылық кеші туралы : суреті бар] / А. Жүзбай. // Қостанай таңы. - 2013. - 15 қаңтар. - Б. 12.
15. Зейнішқызы, Майра. Ән қанатында қалықтаған Қалибек [Мәтін] : [композитор Қалибек Деріпсалдиннің Қимадым ғой кітабы туралы : суреті бар] / М. Зейнішқызы. // Торғай. - 2012. - 4 мамыр. - Б. 1.
16. Айқадамова, Айтолқын. Ән қанатында [Мәтін] : [әнші, сазгер Қалибек Деріпсалдин 60-жаста : суреті бар] / А. Айқадамова. // Қостанай таңы. - 2012. - 3 қазан. - Б. 7.
17. Батпаққарадан шыққан қара бала [Мәтін] : [Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, әнші - композитор Қалибек Деріпсалдин туралы]. // Отбасы және денсаулық. - 2012. - № 11-12. - Б. 23.
18. Жақсанов, Оразалы. "Әрбір ән - бір өмір" [Мәтін] : [әнші-композитор Қалибек Деріпсалдиннің шығармашылық ізденістері туралы : суреті бар] / О. Жақсанов. // Мәдениет. - 2010. - № 5. - Б. 50-52.
19. Мұсабаев, Х. Әлдилеп әуенімен Астананы, тербетті Қалибектің асқақ әні [Мәтін] : [Астанада өткен сазгердің ән кеші туралы] / Х. Мұсабаев. // Қостанай таңы. - 2008. - 19 ақпан. - Б. 5.
20. Мұқатов, Н. Саз сандығы [Мәтін] : [өлең] / Н. Мұқатов. // Қостанай таңы. - 2008. - 19 ақпан. - Б. 5.
21. Бектемісов, Асқарбек. Ән қанатында [Мәтін] : туған елін ән бұлағынан сусындатқан сазгер, әрі әнші, әрі күйші Қалибек Деріпсалдин туралы ой-тоғам : суреті бар / А. Бектемісов. // Қостанай таңы. - 2008. - 4 қараша. - Б. 8.
22. Қойшыман, М. Жаңа жинақ «Торғай әуендері» аталмақ [Мәтін] : [әнші-сазгер Қалибек Деріпсалдиннің жаңа жинағы туралы] // М. Қойшыман. // Арқалық хабары. - 2005. - 7 қаңтар. - Б. 4.
23. Жақсанов, О. Арқаны әсем әнмен әлдилеген [Мәтін] : [әнші-сазгер Қ. Деріпсалдыұлы туралы] О. Жақсанов. // Жас алаш. - 2004. - 24 сәуір.
24. Сәуекенов, Бақытжан. Өрнектелген отыз жыл [Мәтін] : [сазгер Қ. Деріпсалдинмен кездесу кеші туралы] / Б. Сәуекенов. // Қостанай таңы. - 2002. - 11 қаңтар. - Б. 3.
25. Оташұлы, Мақсұтбек. Әсем әнмен тербеткен [Мәтін] : [сазгер Қалибек Деріпсалдиннің "Айлы түнде" атты кітабы туралы : суреті бар] / М. Оташұлы. // Қостанай таңы. - 2002. - 1 ақпан. - Б. 4.
26. Мұсабаев, Хамитбек. Саз еркесі, ел еркесі [Мәтін] : [сазгер Қалибек Деріпсалдиннің өнері туралы] / Х. Мұсабаев. // Қостанай таңы. - 2002. - 5 қараша. - Б. 4.
27. Оташұлы, Мақсұтбек. Астанадағы Қалибектің ән кеші [Мәтін] : [сазгер Қалибек Деріпсалдиннің Астана қаласында өткізілген шығармашылық кеші туралы] / М. Оташұлы. // Қостанай таңы. - 2002. - 3 желтоқсан. - Б. 4.

28. Жүніс, М. Лауреат атанды [Мәтін] : [сазгер Қалибек Деріпсалдиннің лауреат атануы туралы] / М. Жүніс. // Қостанай таңы. - 2000. - 8 қыркүйек. - Б. 4.
29. Оташұлы, М. "Қара" бала ән салса... [Мәтін] : жергілікті сазгер Қалибек Деріпсалдиннің жаңа әндері жайлы : суреті бар / М. Оташұлы. // Қостанай таңы. - 1999. - 2 наурыз. - Б. 4.
30. Әбілтай, Әбжан. Әуен де өзі, ән де өзі [Мәтін] : [сазгер Қалибек Деріпсалдин туралы : суреті бар] / Ә. Әбілтай. // Торғай таңы. - 1992. - 3 қаңтар. - Б. 4.
31. Шығармашылық кешке шақырамыз [Мәтін] : [сазгер Қалибек Деріпсалдиннің шығармашылық кеші туралы : суреті бар]. // Торғай таңы. - 1992. - 5 ақпан. - Б. 4.
32. Сейдахметов, Төлеген. "Торғайдың бір дүлдүлі Деріпсалдин" [Мәтін] : [сазгер Қалибек Деріпсалдиннің әндері туралы : суреті бар] / Т. Сейдахметов. // Торғай таңы. - 1992. - 12 наурыз. - Б. 4.
33. Оспанов, Серікбай. Қалибекке [Мәтін] : [өлең] / С. Оспанов. // Торғай таңы. - 1992. - 12 наурыз. - Б. 4.
34. Тұрғынбеков, Серік. Қалибекке [Мәтін] : [өлең] / С. Тұрғынбеков. // Торғай таңы. - 1992. - 13 мамыр. - Б. 4.
35. Байбосынов, А. Әуесқой композиторлар мен кездесу [Мәтін] : [әнші-сазгер Бақытжан Сәуекенов пен Қалибек Деріпсалдинмен кездесу кеші туралы] / А. Байбосынов // Торғай таңы. - 1987. - 21 март. - Б. 4.
36. Сабыржанов, Жұматай. Өнердің бір өрісі [Мәтін] : [әуесқой композиторларының облыстық байқауынан] / Ж. Сабыржанов; суретті түсірген Ж. Жүнісов. // Торғай таңы. - 1985. - 22 март. - Б. 4.
37. Әлмағанбетов, Б. Өмір мұраты [Мәтін] : [әуесқой композитор Қалибек туралы] // Б. Әлмағанбетов. // Алматы: Өнер. - 1983. - Б. 69-79.
38. Айтыс [Мәтін] : [Жаңадала ауданының ақыны Қабижан Мырзахметов пен Қима ауданының ақыны Қалибек Деріпсалдиннің айтысы туралы : суреті бар]. // Торғай таңы. - 1981. - 13 тамыз. - Б. 4.
39. Алпысов, С. Өнердің өрімталы [Мәтін] : [әнші, күйші, әуесқой композитор Қалибек Деріпсалдин жайлы әңгіме-очерк] // С. Алпысов. // Торғай таңы. - 1980. - 15 қаңтар. - Б. 4.

### Мақалалар, сұхбаттар, әңгімелер:

160. Айқадамова, Айтолқын. Ән қанатында [Мәтін] : [шығармашылық кеш] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. - 2012. - 3 қазан. - Б. 7.
161. Аханқызы, Нұргүл. Қалибек әндері қалықтады [Мәтін] : [әнші-сазгердің авторлық кеші] / Нұргүл Аханқызы // Астана ақшамы. - 2014. - 28 қаңтар. - Б. 12.
162. Әндерімен жүректерді жаулаған [Мәтін] : Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, белгілі композитор Қалибек Деріпсалдин туралы сөз / [газ. ред.] // Наш Қостанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). - 2015. - 9 шілде. - Б. 5.
163. Бектемісов, А. Саз өнерінің саңлағы [Мәтін] : Қалибек Деріпсалдин

- туралы үзік сыр / А. Бектемісов // Ана тілі. – 2012. – 8–14 қараша. – Б. 9.
164. Бектемісов, А. Сан қырлы саңлақ [Мәтін] : Қалибек Деріпсалдин туралы әңгіме / А. Бектемісов // Қостанай таңы. – 2013. – 9 қаңтар. – Б. 5.
165. Бектемісов, Асқарбек. Ата-баба аманатына адал болайық [Мәтін] : немесе жыршылық-термешілік өнері Торғай өңірінде неге өрістемей отыр? / Асқарбек Бектемісов // Үш қоңыр. – 2015. – 13 ақпан. – Б. 4 ; 20 ақпан. – Б. 4.
166. Бектемісов, Асқарбек. Қазақтың жыршылық-термешілік өнері Торғай өңірінде неге өрістемей отыр? [Мәтін] / Асқарбек Бектемісов // Қазақ. – 2015. – 17–24 шілде. – Б. 7.
167. Ғазизұлы, Мешіт. Сазгерге құрмет көрсетілді [Мәтін] : [әншінің 60 жасқа толуына орай] / Мешіт Ғазизұлы // Қостанай. - ("Қостанай" қосымшасы). – 2012. – 6 желтоқсан. – Б. 6.
168. Ғазизұлы, Мешіт. Сазгердің шығармашылық кеші [Мәтін] / Мешіт Ғазизұлы // Наш Қостанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2012. – 6 қараша. – Б. 5.
169. Ғазиз, Мешіт. Сазгердің шығармашылық кеші [Мәтін] : [әншінің 60 жасқа толуына орай] / Мешіт Ғазиз // Наш Қостанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2013. – 15 қаңтар. – Б. 5.
170. Дербісек, О. Композитордың шығармашылық кеші [Мәтін] / О. Дербісек ; суретті түсірген автор // Наш Қостанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2016. – 19 қаңтар. – Б. 6.
171. Досжанова, Қымбат. Үздік отбасылар марапатталды [Мәтін] / Қымбат Досжанова ; суреттерді түсірген Айбек Жүзбай // Қостанай таңы. – 2014. – 27 мамыр. – Б. 4.
172. Есмағанбетов, Қайрат. Көрнекті композитордың жинағы шықты [Мәтін] / Қайрат Есмағанбетов // Арқалық хабары. – 2012. – 20 сәуір. – Б. 3.
173. Жабайтегі, О. Қостанайды ән тербеді [Мәтін] : [музыкалық кеш] / О. Жабайтегі // Ана тілі. – 2017. – 16–22 ақпан. – Б. 9.
174. Жақсанов, О. Әсем әнімен тербеген әнші - сазгер Қалибек Деріпсалдинге елдің ілтипаты ерекше [Мәтін] / О. Жақсанов // Қостанай. – 2001. – 7 тамыз. – Б. 3, 4.
175. Жақсылықұлы, Аслан. Әні әуезді, сазы сұлу [Мәтін] : [композитор, әншінің шығармашылық кеші] / Аслан Жақсылықұлы // Қостанай-АГРО. – 2016. – 28 январь. – С. 9.
176. Жәрімбетова, Нәзира. Қалибектің әсем әндері-ай! [Мәтін] : [шығармашылық кеші өтті] / Нәзира Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. – 2013. – 31 қаңтар. – Б. 8.
177. Жерлесіміз - жеңімпаз! [Мәтін] : [әнші-композитор] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. - ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2015. – 3 шілде. – Б. 18.
178. Жүзбай, Айбек. Халық сазгер ұлын сый-құрметке бөледі [Мәтін] : [әнші-сазгер 60 жасқа толды] / Айбек Жүзбай // Қостанай таңы. – 2013. – 15 қаңтар. – Б. 12.
179. Жұматұлы, Д. Сағыныш саздары [Мәтін] : [шығармашылық концерті

Алматы қ. өтті] / Д. Жұматұлы // Ана тілі. – 2016. – 29 қыркүйек – 5 қазан. – Б. 12.

180. Кәдірұлы, Айбек. Туған күнге тарту [Мәтін] : ["Қостанай - достар-ай" атты ән жинағы жарық көрді] / Айбек Кәдірұлы // Қостанай таңы. – 2014. – 1 тамыз. – Б. 2.
181. Кәдірұлы, Айбек. Шымкентте композитор Қалибек Деріпсалдиннің авторлық концерті өтті [Мәтін] / Айбек Кәдірұлы // Қостанай таңы. – 2015. – 30 қазан. – Б. 16.
182. Композитордың Алматыдағы кеші [Мәтін] : Талғампаз қауымды бөледі / бетті дайындаған О. Отынбайұлы // Наш Костанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2016. – 4 қазан. – Б. 6.
183. Композитордың ән-кеші басталды [Мәтін] / [газ. ред.] // Аманкелді арайы. – 2012. – 2 қараша. – Б. 2.
184. Композитордың кезекті концерті [Мәтін] : Атырау шаһарында үлкен табыспен өтті / бетті дайындаған О. Отынбайұлы ; сурет кейіпкер архивінен алынды // Наш Костанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2016. – 7 маусым. – Б. 6.
185. Күлен, Қаршыға. Тобыл-Торғай әуендері әуеледі [Мәтін] : [композитордың "Тобыл-Торғай әуендері" атты авторлық кеші өтті] / Қаршыға Күлен // Егемен Қазақстан. – 2016. – 28 қыркүйек. – Б. 16.
186. Қалибек Деріпсалдин, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері: Ұстанымым - әніммен халқымды қуанту [Мәтін] : [сазгермен әңгіме] / әңгімелескен Таңшолпан Бекболат // Айқын. – 2012. – 20 желтоқсан. – Б. 8, 9.
187. Қалибек Деріпсалдин - Композиторлар одағының мүшесі [Мәтін] / [газ. ред.] // Наш Костанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2015. – 7 сәуір. – Б. 4.
188. Қалибектің әндері Шымкентте қалықтады [Мәтін] / бетті дайындаған Айзат Асылбек // Наш Костанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2015. – 3 қараша. – Б. 6.
189. Қиысханұлы, Қыдырбек. "Бөрілі менің байрағым" [Мәтін] : [ұлт-аспаптар оркестрінің сазды кеші] / Қыдырбек Қиысханұлы ; суретті түсірген Айбек Жүзбай // Қостанай таңы. – 2017. – 8 ақпан. – Б. 8.
190. Қостанайлықтардың ризашылығына бөленді [Мәтін] : "Көк байрағым, желбіре" концерті көпшіліктің көңілінен шықты / бетті дайындаған Аягөз Кәкімжанова // Наш Костанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2017. – 14 ақпан. – Б. 6.
191. Қуандықұлы, Қ. "Өнер өлшеніп тартылса..." [Мәтін] : композитор Қалибек Деріпсалдин туралы бірер сөз / Қ. Қуандықұлы // Аманкелді арайы. – 2013. – 1–4 қаңтар. – Б. 3.
192. Мешітбаев, Нұрболат. Қалибектің әні - жан дауысы [Мәтін] / Нұрболат Мешітбаев // Қостанай таңы. - ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2015. – 30 қаңтар. – Б. 24.
193. Мұқатов, Нағашыбай. Қанатты әндері қалықтаған [Мәтін] : Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, әнші-композитор Қалибек Деріпсалдин туралы ой-толғам] / Нағашыбай Мұқатов // Наш



- Костанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2013. – 4 қаңтар. – Б. 11.
194. Мұсабаев, Хамитбек. Композитордың ән кеші [Мәтін] / Хамитбек Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2012. – 2 қараша. – Б. 8.
195. Нұрман, Алтай. Шәмшісі Тобыл-Торғайдың [Мәтін] : [өлең] : (Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, ҚР Композиторлар одағының мүшесі, белгілі сазгер Қалибек Деріпсалдин ағама) / Алтай Нұрман // Әуликөл. – 2016. – 21 қаңтар. – Б. 4.
196. Оспанов, Мейрам. Қалибек Деріпсалдин ағамыздың еңбегі бағаланды [Мәтін] : [әнші, композитор "Ерен еңбегі үшін" медалімен марапатталды] / Мейрам Оспанов // Порядок и право. – 2017. – 12 января. – С. 11.
197. Оспанұлы, Серікбай. Қалибек - ән [Мәтін] : [өлең] / Серікбай Оспанұлы // Қазақ. – 2013. – 4–11 қаңтар. – Б. 6 ; Қостанай таңы. – 2013. – 20 наурыз. – Б. 8.
198. Оташұлы, М. Астанадағы Қалибектің ән кеші [Мәтін] / М. Оташұлы // Қостанай таңы. – 2002. – 29 қараша. – Б. 8 ; Айқын. – 2008. – 12 ақпан. – Б. 5.
199. Өтелбаева, Салтанат. Нұрғиса мен Әсеттен бата алған [Мәтін] : дарынды композитор Қалибек Деріпсалдин әндері Астана аспанында шарықтады / Салтанат Өтелбаева // Қостанай таңы. – 2014. – 4 ақпан. – Б. 12.
200. Өтелбаева, Салтанат. Сазгердің Астанадағы шығармашылық кеші [Мәтін] : ["Сағыныш сазы" атты кеші] / Салтанат Өтелбаева // Наш Костанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2014. – 11 ақпан. – Б. 5.
201. Рахым, Нұрай. "Тобыл-Торғай әуендері" шырқалды [Мәтін] : [шығармашылық концертті Алматы қ. өтті] / Нұрай Рахым // Айқын. – 2016. – 27 қыркүйек. – Б. 8.
202. Саз өнерінің саңлағы [Мәтін] : [Астана қ. әнші-композитордың шығармашылық кеші өтті] / бетті дайындаған О. Отынбайұлы // Наш Костанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2013. – 12 қараша. – Б. 7.
203. Сазгер "Жыл адамы" атанды [Мәтін] : [«Телевизиялық жыл адамы» атағы берілді] / [газ. ред.] // Наш Костанай. - ("Біздің Қостанай қосымшасы). – 2014. – 14 қаңтар. – Б. 5.
204. Сазгермен кездесу кеші [Мәтін] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2013. – 5 наурыз. – Б. 3.
205. Салпеннова, Айнұр. Сазгер алпысыншы асуда [Мәтін] : белгілі музыка шебері, мәдениет қайраткері Қалибек Деріпсалдинмен кездесу мемлекеттік тілде оқытатын Заречный орта мектебінде өткен көрнекті шаралардың бірі болғаны сөзсіз / Айнұр Салпеннова // Арна. – 2013. – 7 наурыз. – Б. 4.
206. Сәуекенов, Б. Өрнектелген отыз жыл [Мәтін] : [өнер жұлдыздары] / Б. Сәуекенов // Қостанай таңы. – 2002. – 11 қаңтар. – Б. 3.
207. Смайылова, Гүлбаршын. "Торғай толқыны" - мерейлі ансамбль [Мәтін] / Гүлбаршын Смайылова // Аманкелді арайы. – 2016. – 29 қаңтар. – Б. 8.
208. Сыдықова, Г. "Тобыл-Торғай әуендері" [Мәтін] : [сазгермен сұхбат] / Г. Сыдықова // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 23–29 қыркүйек. – Б. 23.

209. Талантты тұлғаның шығармашылық кеші [Мәтін] : [60 жасқа толуына орай] / бетті дайындаған О. Отынбайұлы // Наш Қостанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). – 2012. – 9 қазан. – Б. 8.
210. "Тобыл-Торғай әуендері" әуеледі [Мәтін] : [авторлық кеш] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2016. – 28 қыркүйек. – Б. 16.
211. Төлебаев, Дәуіржан. Жүрегін ән тербеткен [Мәтін] : [сазгер туралы] / Дәуіржан Төлебаев // Ана тілі. – 2016. – 22–28 қыркүйек. – Б. 12.
212. Ыбырай, Әлібек. Атырау аспанында қалықтаған ән [Мәтін] : [шығармашылық концерті өтті] / Әлібек Ыбырай // Қостанай таңы. – 2016. – 8 маусым. – Б. 16.
213. Ыбырай, Әлібек. "Тобыл-Торғай әуендері" жарыққа шықты [Мәтін] : [ән-таспа] / Әлібек Ыбырай // Қостанай таңы. - ("Қостанай ақшамы" танымдық тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2016. – 7 қазан. – Б. 24.

*Даңқың елге тарасын  
Сазгер Қалибек Деріпсалдинге*

Әсем әнмен тербеткен,  
Қазақтың кең даласын.  
Жай Қалибек емессің,  
Сұлу сазды данасың.  
Қай жарысқа қоссақта,  
Бас бәйгені аласың.  
Аққу әнмен әлдилеп,  
Жаза бер жанның жарасын.  
Бағың жанып бауырым,  
Даңқың елге тарасын.  
Қызғаншақтарды өлтіріп,  
Тарихта сен қаласың.

Сәбит Досанов,  
Жазушы, драматург, Қазақстан  
жазушылар одағы басқармасының мүшесі.

*Қалибектің  
құрметті атақ алуына арнау*

Құтты болсын атағың өнердегі!  
Мықты өнерлі жігітсің көлемдегі,  
Әулетің өнер қуған жандар еді,  
Белгілі аты шыққан әлемдегі.

Ән шығару ырғақ табу жаңадан,  
Келе бермес шамалыға – шамадан,  
Өзі естіп, өзі ғана тыңдайтын,  
Композитор атанып жүр сан адам

Сен олардан өзгешесің, Қалибек,  
Мақамыңды мың ішінен танып көп,  
Мақтан тұтып қуанамыз елің боп,  
Бір жас дарын өсіп келе жатыр деп.

Енді бүгін сілте биік алысқа,  
Батыр елі шабыт берсін намысқа.  
Бас бәйгені Алматыдан алып кел,  
Астанада композиторлық жарыста.

**Тілектес: ағаң, соғыс және  
еңбек ардагері Б. Молдашев.  
12.02.1992 жыл.**

## *Қалибекке*

*/Бақытжан Байқадамовтың шәкірті  
Қ. Деріпсалдин Қазақстан Республикасына  
еңбек сіңген мәдениет қайраткері  
атағын алғанда/*

Атынан бұрын жұртқа әні жеткен,  
Бала едің баяғыдан жаныма ерткен.  
Адамда арман бар ма,  
Қайран дүние –  
Алаулап лапыл қағып – жанып өткен.

Тұлпарды тай күнінен танып алмай,  
Күй кешкен кезің болды – ау қамығардай.  
Дегенді ел ішінен көп естідім,  
- Па, шіркін, Қалибектің әні қандай.

Өмірде күзде, қыс та көктемде бар,  
Біразы бұл басыңнан өткен болар,  
Жанымды жадыратып жібергендей  
Күттіріп кеште болса жеткен хабар.

Алауы махаббаттың өртеп ішін, -  
Ақынның сол сәттегі көрсең күшін,  
Қалықтап қапталынан қалмай қойды – ау,  
Мені де қосып қойған – «Ерке құсым»

Серік Тұрғынбеков,  
ақын, Түркияда өткен дүниежүзі  
ақындар мүшайрасының жеңімпазы.

### ***Байғабылда бір бала***

Байғабылда бір бала әнмен туған,  
Ол барында арылмас елден думан.  
Торғын толқын әлдилеп оның жанын,  
Күн шыққанда көмейін нұрмен жауған.

Шырқа бауырым,  
Туған аулың  
Қуанып соқсын қолың  
Өткен алғаш  
Сан сандуғаш  
Солардың берсін жолын.

Байғабылда бір бала сайрап тұрған,  
Таңдайынан бал құйып, таңды атырған.  
Боз торғайы даланың аспандағы,  
Тамылжытса талайды таң қалдырған.

Байғабылда бір бала ән аулаған,  
Бірде шалқып, бір қалқып, баяулаған.  
Туған жерді сарғайып сағынғанда,  
Соны ғана таңдамас болар маған.

**Ғафу Қайырбеков,  
ақын, Қазақ ССР Мемлекеттік  
Сыйлығының лауреаты.  
8 ақпан, 1992. Алматы.**

### ***Қалибекке***

Құрдастай-ақ бүгінмен, баяғымен,  
Шабысы көп, қашаннан аяңы кем,  
Өмірге бұл келгенде жылап тумай,  
Ән сап туған секілді баянымен.

Далаға да, танымал қалаға да,  
Ағаға да ізетті, балаға да.  
Аппақ көңіл, ақ жүрек, ақ тілекті,  
Қара мұртты, қара шаш, қара бала.

Оған құшақ көргеннен жаяды адам,  
Ол да барын елінен аямаған.  
Керек емес ештеңе,  
Бар болса егер  
Домбыра мен қолыңда қара баян.

Дүбір шықса тыпыршып, шыдамаған,  
Құлай жаздап ол талай құламаған.  
Көңілінен әсем ән әуелетсе,  
Ерінінен аппақ тіс сығалаған.

Топтан озған, топ жарған, тартынбаған,  
Алқалы елдің алдында алқынбаған.  
Қабағыңда кірбің жоқ қашан көрсең,  
Жанарыңда жасын от жарқылдаған.

Әңгіме айтса, айналдық зердесінен,  
Ән шығарса тандырды елді есінен.  
Аққу-қазды сыңсытып ұшырады,  
Ол қаласа домбыра пернесінен.

Домбыра шанағында – сәйгүлігі,  
Ойнақтаған саусақтар тай-құлыны.  
Әр жүрекке ғажайып ұя салып,  
Ән боп ұшар шаттығы, қайғы-мұң.

Көкке тағы көтеріп үні көпті,  
Қара бұлтын көңілдің тіліп өтті.  
Қара бала ән салса тыңдаңыздар,  
Көрмегендер бұрын-соң кереметті.

Баста сырға, еліңді баста қырға,  
Тудыр әннің нәзігін, асқағын да.  
Деріпсалды, Қалибек қалықтасын  
Ән боп мәңгі қазақтың даласында!

**Серікбай Оспанов,  
ақын.**

## ***Өнерліге оң сапар!***

Қалибек құрметті атаққа ие болды дегенде мен қатты қуандым. Осы атақты Аманкелді ауданында менен кейін ұзақ жылдар бойы ешкімнің алмауы мені алаңдатушы еді. Міне, енді сол алаң басылды. Балам Қалибекке өзінің аяулы анасы Мағияның өнердегі серіктерінің атынан қуанышың құтты болсын! Абыройың арта берсін! Алла тағала деніңе саулық берсін!

**Қазыбек Әбенев,  
Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген  
мәдениет қайраткері**

Халқы үшін, халқының жаназығы - өнерде тер төккен азаматтың еңбегі жанып құрметке бөленіп, атақ алып жатса қалай қуанбассың, қалай мақтанбассың?!

**Болат Хамзин,  
Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген  
мәдениет қызметкері**

Қалибек, сен атақ, даңқ алуды мақсат етіп қойған жоқсың. Сен өзіңнің адал еңбегіңмен, қарапайым бітім болмысыңмен, үлкен өнерге деген шынайы махаббатыңмен халқыңа шын көңілмен қызмет етуді ғана мүдде еттің.

**Айтбай Мұздаханов  
Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген  
мәдениет қызметкері**

**Қалибек Деріпсалдиннің шығармалары:**



**Қалибек, Деріпсалдин. Торғай әуендері [Өлең] Топтамалы тұжырымдық әндер жинағы / Деріпсалдин Қ. – Қостанай .«Қостанай печатный двор» 2007. 230 б.**



**Қалибек, Деріпсалдин. Тобыл – Торғай әуендері [Өлең] :II Топтамалы тұжырымдық әндер жинағы / Деріпсалдин Қ. – Қостанай : «Шақпақ» 2018. 180 б.**



**Қалибек, Деріпсалдин. Торғай әуендері [Өлең] : Топтамалы тұжырымдық әндер жинағы / Деріпсалдин Қ. – Қостанай қаласы 2007. 235 б.**





*Қалибек Дерінсалдин отбасымен*



*жұбайы Айшамен*



Арқалық қаласында өткен Ә. Боранбаев атындағы театрда Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапхансының өнер бөлімінің меңгерушісі Аубакирова Ә. Қ ұйымдастыруымен өткен «Арқадан ескен ән самал» атты ән кеші.  
Кеш қонағы, сазгер Қалибек Деріпсалдин.  
Шілде, 2018 ж.



*«Арқадан ескен ән самал» ән кеші, Керемет кештің көрністері 2018 ж.»*



*Қалибек Дерісалдин композитор Бақытжан Сәуекеновпен бірге*



*Қалибек Дерісалдиннің «Көктем қыздар»  
ән байқауының гала концерті.*





**Қайраткерді меншікті мерекесімен Қостанай облысы мәслихатының хатшысы Сайлаубек Ещанов пен облыстық Мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақовтың құттықтауы.**





Сабақтың нәсімі

Бүгінде әкі ауыз сөздің басын біріктіріп, мән "жазушымын" деп сипаттап бірден-бірі және баспадан кітап етіп шығарып жатқандар көп. Оған өзіміз үйреніп қалдық.

Ал мына қолға тиген кітаптың жөні бөлек, оның авторының да орны бөлек. Бұл ғылыми тұрғыда негезділігіне білікті мамандар қолтаңбасы қалған оқидан да қазақ тілінде өнерпаздарымыз үшін ташаулық етіп отырған қымбатты ноталық оқулық.

Осы Торғай десе ішкің асым, жерге қолың бағи етті азаматтың нағыз өзі — өңші, өрі сазгер Қалибек Деріпсалдин болар деген ой оның Архалықта ер болғаны сайын мәні ойландырып тастайтын.

Қалибек өнерімен қоса, адамға жақын тұратын бағи қасиетімен де, өлім, жерім — Торғайым, Амангелдім, Архалықым деп тұратын өрегіше патриоттық сөзімі үшін де кадрлі. Кейбір сырттары Архалықтың атын естісе — үріккен аттай шошып тұрса, Қалибек ер сөзінен "мен қызметімді Архалықтан бастадым" деп жөні ғана айтып күресің керіе мақтан тұтұры жанымызға мәйді-ақ жағдай.

Қалибектің жөні бөлек. Архалықтан самау алып, Қостанайда бойындағы өнер құдіретін дамыта түсті. Орныстиді ортада Торғайды иісің оңдасты, өң-мәңің аныраптып, қауып қалған қазақтарын ұлттық өнерімді тұшына білуге әділдің көптеген осы Қалибек сеніңді Торғай ел-жұртыңның азаматтары дер ек.

Тағы бір адами тұрғыда танқаларлығы, қай көші нәсі



Және де баса айтарлығы, бұл өңдердің жағырапиясы да көң, оның ішінде Абай мен Шәкәрім өлі — Семей, жер жаңнаты Жетісу — Талдықорған жайлы, жалпы ол арнамаған Қазақстанның шығын қалалары жоқ та шығар, сіре, Көпшілдік, байтақ өлім өңімен аңдап өген жүргенін көңдінің осыдан-ақ аңғарарсыз.

Жүрегінің түкірінін суырып алған әуенді өзгенің сөзімен үндестіріп, өзгенің жүрегіне құю деген үлкен өнер. Қалибектің 100 әнінің өуенін жазуы ол оңай дүние емес, ол үшін өз жаның да майда, көңіл күйің мақтадай апақ, баршаңы — адамың да, табиғатың да пәк сүйе білетін өренше жан болуы керек деп ойлаймын мен сазгерлер қауымын. Кейбіреулер жақын-жуығына бір-екі өң жазды да омынан дөрілетіп, не әлдебір байқау болса қалса соған өткізуге желілідеп қалады және жүлден қағып та кетеді. Артынан оңдай өң берме, жоқ па санатта онымен өшкімнің де жұмысы жоқ.

Біздің жерлесіміз Қалибектің партитуралары көрәл отырсақ, ол Отан деген биіктікте, жалпақ өлге деген сүйіспеншіліктеп тауығы тұр.

Жалпы доцент Қарасай Сайжаңовтың Қалибектің өңдер жанынағын сирегің өңбелер, партитурадағы ноталарды компьютерге түсіріп редакциялаған.

Былай қарал отырсақ, Қалибектің өліне сирегің өңбелері бойы отыр дей аламыз. Ең бастысы өңші, сазгер Қалибектің концерттері жинақталып халық қашаңда ат-төгір. Бұдан артық өнер мүсәде деген құрмет те болмас. Ең бастысы, қойсаңда да болмасын, сенің дүни-

ңесі ансамблімен қосылып өңрет шығармашылық кешін өткізді.

Қазақстан Композиторларының VIII съезінде болған әуесқой композиторлардың концертінде сол кезденің Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы Е. Рахымдіннің Қалибекке арбағасын беруде оның өңдеріне деген құрметтен туғаны анық.

Калининград қаласында тұрған композиторлардың В. А. Горев те Қалибектің жеті-дәліне байланысты шығармашылық кеші өтті.

Кеште Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Ж. Тұрсынбаев баяндама жасап, Қалибектің сазгерлік қырларына тоқталды.

Осыдан-ақ, сазгер Қалибектің өң қанатының қандай қанда өрленгені аңғарға болады. Ол өз бағасын алған, халқының жүрегіне әуендері ұялаған сазгер бүгінде.

Қалибек былығы жылды тәрмаша жетістіктерімен бастап академиялық ұлт-аспаптар оркестрінің ұйымдастырумен өткен Қазақстан Композиторлар одағының концертін Қазақ халқының мақтанышына айналған осы оркестр сүйемдегендегі сазгер жерлесіміз Қалибектің өңдерін орындайтын "Ерке құсым" (Сөзі Серік Тұрғынбекөвтің), "Айлы түнде" (Сөзі Серікбай Оспановтің) өңдері орындаған. Оған және де Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінің доценті, мәдениет қайраткері Қарасай Сайжаңов дирижерлік етті.

Былығы, 2012 жылы өткен Қазақстан Композиторлар одағының концертінде бір Қостанай-Торғай өңірінен шыққан, өлге танылмай, өлге таңымал, бүгінде Астана қаласындағы сазгерлер Қожакан Мақанов, Шолпан Қорғанбаева, Қостанайдан — Батыржан Соуеннов қатысты.

Торғайлық сазгерлердің шығармалары көңі-мен дөрілетіп, республикалық концерттің мазмұнын аша түсті.

Қалибектің өңдері басталғанды өлге танымал ұжымдармен басталған дегені толық негіз бар. Кезінде Жамбыл мәдени-ағарту училищесінің үздік тамындаған ол осында "Алағату", "Қызғандақ", Архалық "Шерер" ән-жырылары шығармашылығы аңғарған. Егір Еге Мәскеу қаласында өнер

отыр. Ең басты қуанышы, бұрын да сазгерлік шығармалары жарық көргенімен бет-

# ӘН қана тыңда қалы ұтаған Қалибек



әлеріңің шән басып қалмай, ол үлкенің жадында, жастың мәңгіліде қалып жүргенде ғана — оған өнер құдіреті қоян жан көк деп бір-ақ соғған бала беріп жатады. Бұл тұрғыда Қалибектің өз жолы, өз шыққан биіктігі бар.

Сөзіміз дәлелді болу үшін Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Егмұрат Тосыбаевтың осы жинаққа берген алыс-сөзімен үздік келтіре кетелік: "Қостанай-Торғай өңірінен шығып, кең далалда әуен құрып, ағалар дәстүрін жалғастырып, халқының аңғарғаны бөлек жүрген Қалибектің өңдерінің өңірінде тоқтап



Суретте: әуесқой композитор К. ДЕРІПСАЛДИН. Суреттің авторы: М. КОДЕСНИКОВ.

## Торғай таланттары

### ҚЫРАН ҚАНАТ

Адам, ағары қалай беріңі келсе, Көңіліңді ағары сөзің көп еді. Ала мені алаң-қос бетіңе тұр тікес. Сөзі күршіңді ала қызым төң еді.

Орташа балас өспінінен

## ҚАЛИБЕККЕ

(Бақбатжан Байқадамовтың шәкірті К. Деріпсалдин Қазақстан Республикасына еңбек сіңіген мәдениет қызметкері атағын алғанда)

Атыңан бұрын жұртқа өңі жеткен, Бала едің <sup>13</sup>мұңыңдан жаңыма ерткен. Адамда ар <sup>14</sup>бар ма, Қайран дүние — Алаулап лапыл қағып — жанып өткен, Тұларды тай күнінен танып алмай, Күй кешкен кезің болды-ау қамығардай, Дегемді ең ішінен көп естідім, — Па, шіркін, Қалибектің өңі қандай.

Өмірде күзде, қыс та, көктемде бар, Бірағы бұл басынан өткен болар. Жанымың жадыратып жібергендей Күттіріп — Кеште болса жеткен хабар.

Алауы махаббаттың өртен ішің — Ақынның сол сәттегі көрсен күшің, Қалықтап қанталыңнан қалма қойды-ау, Мені де қосып қойған — «Ерке құсым».

Бұл нағыз талант тойы — өнер тойы, Мұндай той бола бермес өңе бойы, Өңіңдей қара бала аз-ау, әлі, Көріңген аузың алса көмелейі.

Көуденің қарғын шықса қыран шабыт, Әуенің туған жердің шың аңсалық.

Жерінде Батпаққара «оппақ» бала, Карсы алса шың мені бір өң салды.

Сол өңді тыңдау үшін ту алыстан, Бұл аған жаны қалмай құрақ ұшқан. Қан қызып, Жүрек тулап, Тұрармын мен — Шақ қалып жарылуға қуаныштан.

Алыстан қуанысын сағынысып, Көрсіссек кетеміз-ау тағы да ішіп. Кеудемді ашып тастап, Желге беріп — Жетейін Алматыдан алып ұшып.

Есімде біраз сені ерген күнім Онда да осындай қыс Көктембіл түн. Ән айттың қуаныш пен мұң аралас, Жас күнде жетімдіктің шерткен сырғы.

Сол әңгі мұңамын есіме алып, Көрген жоқ өнерлінің көңі қалып Білемін сеніңде аман жүрерінді Бар болса осынау Ел, осы Халық.

Ақында арман бар ма ағылғанда, Басында бақытың мен бағың барда Бір тамшы қуаныштың көз жасыңдай Бір белгі төсіңе кеп таңылғанда.

Әнінді елден алған елге беріп, Жөн таппай талантыңа тең келерлік Көтерер төбесіне туған Халқым, Жұмыр жер тұрар болса денеленіп.

Серік ТҰРҒЫНБЕКОВ.



## **Мазмұны:**

Құрастырушыдан .....	5-6
Саз еркесі, ел еркесі .....	7-10
Шығармалары: .....	11-12
Мерзімді басылым беттеріне жарияланған әдебиеттер тізімі .....	13-14
Ол кісі туралы мақалалары .....	15-18
Қалибек Деріпсалдинге арналған арнау өлеңдер.....	19-22
«Өнерге оң сапар» Қалибек Д. жайлы жылы лебіздері.....	23
Қалибек Деріпсалдиннің шығармалары .....	24
Қалибек Д. өмірінен фото-суреттер .....	25-28
Ол туралы баспасөз беттеріндегі жарияланымдары.....	29-31

**Шығ. жауапты: Қ. Б. Борибаева**  
**Құрастырушы: Ж. Ш. Сарина**  
**Редакторы: С. Қ. Ибикенова**

**Қаріп түрі Times New Roman**  
**Басылымның көлемі: 0,5**  
**Таралымы 3**

**«Арқалық қаласындағы  
облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы  
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16  
E – mail:arkounb@mail.ru**

